



«Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы
«17» сәуірдегі № 6 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**ӨМІРДІ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

РӘС МАК 848

Басылым: бірінші.

Астана қ., 2025 ж.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 жылғы «17» сәуір	
	Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар	РӘС МАК 848	2/13 б.

Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар.

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 17 қазандағы №25 шешімімен бекітілген Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне (бұдан әрі – «МАК» ӨСК» АҚ) (бұдан әрі – Ережелер) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ережелердің 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Сақтанушы» – Сақтандырушыдан сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлейтін заңды немесе жеке тұлға (18 жасқа толған);»;

2) Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Сақтандырылушы» – сақтандыру жүзеге асырылатын 14 жастан 60 жасқа дейінгі жеке тұлға. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтандырылушының жасы 63 жастан аспауға тиіс;»;

3) Ережелердің 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. «Пайда алушы» – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын жеке тұлға. Пайда алушы Сақтанушы немесе Сақтандырылушы, не сақтандыру шартында көрсетілген өзге тұлға болуы мүмкін;»;

4) Ережелердің 47-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Егер 2 (екі) жылдан астам сақтандыру мерзіміне жасалған сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кейінге қалдыру кезеңінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда, егер шарттың қолданылу мерзімі екі жылдан аз болса немесе екі жыл үшін сақтандыру сыйлықақылары төленбеген болса, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылады. Қалған жағдайларда сақтандыру шартының қолданылуы жалғасады, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сомасын (Сақтандырушының есептеулеріне сәйкес) азайтады.»;

5) Ережелердің 48-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Егер Сақтанушы 1 (бір) жылдан 2 (екі) жылға дейінгі мерзімге қоса алғанда жасалған сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарнасын белгіленген мерзімде төлемеген және кезекті сақтандыру жарнасын жоспарланған төлеу күніне сақтандыру шартының қолданылу мерзімі сақтандыру мерзімі 1 (бір) жыл болатын шарт үшін 6 (алты) айдан аз, ал сақтандыру мерзімі 2 (екі) жыл болатын шарт үшін 12 (он екі) айдан аз болған жағдайда, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылады. Қалған жағдайларда сақтандыру шартының қолданылуы жалғасады, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сомасын (Сақтандырушының есептеулеріне сәйкес) азайтады.»;

6) Ережелердің 86-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 жылғы «17» сәуір	
	Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар	РӘС МАК 848	3/13 б.

«86. Сақтандыру шарты/сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сомасы, сақтандыру сыйлықақысы, сатып алу сомасы және сақтандыру төлемі теңгемен белгіленеді және қайта есептеу талаптарына сәйкес «USD / KZT TOD» бағамы бойынша АҚШ долларындағы сомаға баламалы болады:

1) сақтандыру сомасы сақтандыру шартын/сақтандыру полисін жасасқан күні белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша айқындалады;

2) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу күні белгіленген «USD / KZT TOD» бағамы бойынша теңгемен төленеді. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде сақтандыру жарнасының мөлшері сақтандыру жарналарын төлеу кестесінде көрсетілген күнгі «USD / KZT TOD» бағамы бойынша есептеледі;

5) кезекті сақтандыру жарнасы төлем кестесіне сәйкес төленбеген жағдайда, Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын сақтандыру жарналарын төлеу кестесінде көрсетілген күні белгіленген бағам бойынша төлеуге тиіс.»;

7) Ережелердің 12-тарауын мынадай мазмұндағы 58-1-тармақпен толықтырылсын:

«58-1. Егер Пайда алушы кәмелетке толмаған тұлға болып табылған жағдайда, сақтандыру төлемдерін алу құқығы Пайда алушының ата-анасына, асырап алушысына, қорғаншысына, қамқоршысына немесе өзге де заңды өкіліне өтеді».

2. Осы өзгерістер «МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

